

No. 43451

**Kazakhstan
and
Russian Federation**

Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Russian Federation on the promotion and protection of investments. Moscow, 6 July 1998

Entry into force: *11 February 2000 by notification, in accordance with article 15*

Authentic texts: *Kazakh and Russian*

Registration with the Secretariat of the United Nations: *Kazakhstan, 19 January 2007*

**Kazakhstan
et
Fédération de Russie**

Accord entre le Gouvernement de la République du Kazakhstan et le Gouvernement de la Fédération de Russie relatif à la promotion et à la protection des investissements. Moscou, 6 juillet 1998

Entrée en vigueur : *11 février 2000 par notification, conformément à l'article 15*

Textes authentiques : *kazakh et russe*

Enregistrement auprès du Secrétariat des Nations Unies : *Kazakhstan, 19 janvier 2007*

[KAZAKH TEXT – TEXTE KAZAKH]

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы**

К Е Л І С І М

Бұдан былай Уағдаласушы Тараптар деп аталатын,
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі,

1993 жылғы 24 желтоқсандағы Инвестиция қызметі
саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің негізгі
ережелерін дамыта отырып,

екі Уағдаласушы Тараптың өзара тиімділігі үшін ұзақ
мерзімді негізде экономикалық ынтымақтастықты күшейтуді
қалай отырып,

бір Уағдаласушы Тараптың инвесторлары үшін екінші
Уағдаласушы Тарап аумағында қолайлы жағдай жасауға және
қолдауға ниет білдіре отырып,

осы Келісім негізінде инвестицияларды көтермелеу және
өзара қорғау екі жаққа тиімді сауда-экономикалық және
ғылыми-техникалық дамуға жәрдемдесетінін мойындай отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаты үшін:

1. “Инвестициялар” термині бір Уағдаласушы Тарап
инвесторының екінші Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес
оның аумағындағы мүліктік және интеллектуальдық
құндылықтарының барлық түрін қамтиды және атап айтқанда:

а) жылжымалы және жылжымайтын мүлік, сондай-ақ
онымен байланысты кез келген басқа мүліктік құқықтар;

б) ақша қаражаты, сондай-ақ акциялар, салымдар және
қатысудың басқа да түрлері;

в) экономикалық құндылықтар жасау үшін салынатын
ақша қаражаты немесе инвестицияға байланысты экономикалық
құндылығы бар қызметтер бойынша талаптар құқығы;

г) интеллектуальдық меншік объектілерін иеленуге ерекше құқықтар (авторлық құқықтар, өнертапқыштық құқық, өнеркәсіптік үлгілер, пайдалы модельдер, тауарлық белгілер немесе қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулар, технология, коммерциялық құндылығы бар ақпарат және ноу-хау);

д) заң немесе шарт негізінде көрсетілетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығы.

Мүліктік құндылықтар салынатын немесе қайта қаржыландырылатын нысандардың қандай да бір өзгертілуі инвестициялар жүзеге асырылған мемлекеттің аумағындағы Уағдаласушы Тараптың заңдарына қайшы келмейтін болса, ондай өзгерту олардың инвестиция ретіндегі сипатына әсерін тигізбейді.

2. “Инвестор” термині Уағдаласушы Тараптардың әр қайсысына қатысты мынадай ұғымдарды білдіреді:

а) Уағдаласушы Тарап мемлекетінің азаматы болып табылатын немесе Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тұрақты тұратын және екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында оның заңдарына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыруға құқы бар кез келген жеке тұлға;

б) осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құрылған кез келген заңды тұлға, ол үшін осы заңды тұлғаның өзінің Уағдаласушы Тарабының заңдарына сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыруға құқы болуға тиіс;

3. “Кірістер” термині осы баптың 1-тармағына сәйкес инвестициялар нәтижесінде алынған қаржыны білдіреді және оған атап айтқанда: пайда, дивидендтер, проценттер, лицензиялық және комиссиялық сыйақылар, сондай-ақ басқа сыйақылар кіреді.

4. “Уағдаласушы Тараптың заңдары” термині Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңдарын білдіреді.

2-бап

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының өз мемлекетінің аумағында инвестицияларды

жүзеге асыруын көтермелейді және өз заңдарына сәйкес осындай инвестицияларға рұқсат береді.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз заңдарына сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларын құқықтық қорғауға кепілдік береді.

3-бап **Инвестициялар режимі**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестицияларға және осы инвестицияларға байланысты қызметке инвестицияларды басқаруға және оларға билік жүргізуге кедергі келтіруі мүмкін кемсітушілік сипаттағы шараларды қолдануды болдырмайтын әділетті және тең құқықты режимді қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында айтылған режимнің қолайлылығы инвестицияларға және өз инвесторларының немесе кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларының инвестицияларына байланысты қызметке жасалатын режимнен болмайды.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап шетелдік инвесторлардың қызметін болдырмайтын немесе оны шектейтін қызмет саласын және ауқымын анықтау құқын өзінде қалдырады.

4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес жасалатын мейлінше қолайлы режим:

а) еркін сауда аймағына, кеден немесе экономикалық одаққа қатысуға байланысты;

б) қосарланған салық салуды болдырмау келісімінің немесе салық салу мәселелері жөніндегі басқа да уағдаластықтардың негізінде Уағдаласушы Тараптар жасайтын немесе жасамақ болып отырған артықшылықтарға қолданылмайды.

4-бап **Негізгі персонал**

1. Уағдаласушы Тарап өзінің азаматтары болып саналмайтын адамдардың келуіне, болуына және жұмысына қатысты өз заңдарына сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың

инвесторы болып саналатын жеке тұлғаларға және осы Уағдаласушы Тараптың заңды тұлғалары жалға алған негізгі (басшы, әкімшілік, техникалық) персоналдың инвестицияларға байланысты қызметті жүзеге асыру мақсатында оның мемлекетінің аумағына келуіне және сонда қалуына рұқсат етеді.

2. Уағдаласушы Тарап өзінің заңдарына сәйкес өз мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асырған екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларына қай елдің азаматы екендігіне қарамастан таңдауы бойынша негізгі персоналды өз мемлекетінің аумағынан жалдауға рұқсат етеді.

5-бап

Заңдардың жариялылығы мен қолдану мүмкіндігі

Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласушы Тарап инвесторлары жүзеге асыратын инвестицияға қатысты немесе оның мәселесін қозғайтын өзінің заңдарын түсінуге көмектесу мақсатында мұндай заңдардың жариялылығын және қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6-бап

Зиянның өтелуі

Екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында соғыс, азаматтық тәртіп бұзушылық немесе сол секілді өзге жағдайлардың салдарынан инвестицияларына зиян келтірілген бір Уағдаласушы Тарап инвесторларына екінші Уағдаласушы Тарап өзінің инвесторларына немесе кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына осындай зиянның орнын толтырудың кез келген түріне қатысты жасайтыннан қолайлылығы кем болмайтын режим жасалатын болады.

7-бап

Экспроприация

1. Бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында жүзеге асырылған инвестициялары экспроприацияланбайды, мемлекет меншігіне